

**Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Байқоңыр» кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімді ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 273-IV Заңы

2004 жылғы 9 қаңтарда Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Байқоңыр» кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті Н. Назарбаев*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ  
АРАСЫНДАҒЫ "БАЙҚОҢЫР" КЕШЕНІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ  
ЖӨНІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМЫТУ ТУРАЛЫ  
КЕЛІСІМ**

**(2010 жылғы 7 маусымда күшіне енді -  
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені,  
2010 ж., N 4, 24-құжат, СІМ-нің ресми сайты)**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы,  
Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Мәңгілік достық пен  
одақтастық туралы ХХІ ғасырға бағдарланған 1998 жылғы 6 шілдедегі декларацияны  
б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш  
айлағын тиімді пайдаланудың негізгі қағидаттары мен шарттары туралы 1994 жылғы 28  
наурыздағы келісімнің ережелерін дамыта отырып,  
төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Осы Келісімнің мақсаты Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы халықаралық ынтымақтастық бағдарламаларын іске асыру мүддесінде "Байқоңыр" ғарыш айлағын одан әрі тиімді пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен қызмет шеңберінде Тараптардың өзара тиімді ынтымақтастығын дамыту болып табылады.

**2-бап**

Тараптар "Байқоңыр" ғарыш айлағының инфрақұрылымын жаңғыртудың және оның тарихи маңызы бар объектілерін сақтаудың маңыздылығын мойындайды.

Ресей тарапы Қазақстан тарапының "Байқоңыр" ғарыш айлағында жаңа экологиялық қауіпсіз зымыран-ғарыш кешендерін, басқа да бірлескен ғарыштық жобалар мен бағдарламаларды Ресей Федерациясының мемлекеттік құпияны қорғау жөніндегі заңнамасының талаптарын ескере отырып жасау және пайдалану жөніндегі жобаларды іске асыруға қатысуына барынша қолдау көрсететін болады.

Қазақстандық және ресейлік мамандар мен ұйымдар "Байқоңыр" ғарыш айлағында бірлескен жобаларды іске асыруға бірдей шарттарда қатысатын болады.

### **3-бап**

Тараптар Қазақстан Республикасының аумағында зымыран-ғарыш қызметінің экологиялық қауіпсіздігі деңгейін арттырудың қажеттілігін:

зымыран отынының аса уытты құрамдас бөліктерін (амил, гептил) пайдаланатын зымыран тасығыштарды пайдалануын кейіннен кезең-кезеңмен қысқарту үшін "Байқоңыр" ғарыш айлағында пайдаланылатын зымыран-ғарыш кешендерін жаңғырту және экологиялық неғұрлым қауіпсіз жаңаларын құру;

зымыран-ғарыш қызметін жүзеге асыруға байланысты экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау проблемаларын шешу жөніндегі бірлескен жұмыстарды жүргізу арқылы мойындайды.

### **4-бап**

Тараптар "Байқоңыр" ғарыш айлағында ресейлік "Ангара" зымыран-ғарыш кешені базасында ұшу сынақтарын Ресей тарапы "Плесецк" ғарыш айлағында жүргізетін жоғары экологиялық қауіпсіздік деңгейдегі "Бәйтерек" зымыран-ғарыш кешенін әзірлейді және құрады.

### **5-бап**

Тараптар Үкіметтері 2004 жылы қаржыландыру мәселелерін қоса алғанда, осы Келісімнің 3 және 4-баптары ережелерінің орындалуы бойынша тиісті келісімдер жасайды немесе "Байқоңыр" кешені бойынша тиісті халықаралық шарттарға өзгерістер енгізеді.

### **6-бап**

"Байқоңыр" кешенін Ресей Федерациясының жалға алу мерзімі 2050 жылға дейін ұзартылады.

Тараптар Үкіметтері Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей

Федерациясының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 10 желтоқсандағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына тиісті өзгерістер енгізеді.

## **7-бап**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын хаттамалармен ресімделеді.

## **8-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы реттелуге жатады.

## **9-бап**

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарланған күнінен бастап күшіне енеді.

Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мүдделі Тараптың екінші Тарапқа жазбаша хабарлаған сәтінен бастап 12 айдан кейін Келісімнің қолданылуы тоқтатылуы мүмкін.

2004 жылғы 9 қаңтарда Астана қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде, екі данада жасалды әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

*Қазақстан Республикасы*  
үшін

*Ресей Федерациясы*

үшін

## **Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалдау туралы ШАРТ**

Бұдан әрі Жалға беруші және Жалға алушы немесе Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі, 1994 жылғы 28 наурыздағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі принциптері мен шарттары туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Келісімге сүйене отырып, "Байқоңыр" кешенін сақтауға, ғылыми-техникалық, өндірістік және әлеуметтік-мәдени потенциалы мен инфрақұрылымдарын тиімді пайдалану мен дамытуға Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы мүдделі екендігін ескере келе, екі елдің одақтастық мүдделерінің стратегиялық контекстегі "Байқоңыр" кешенінде жұмыс істеуін есептей келе, ғарыш айлағы мен Ленинск қаласының сынау, технологиялық объектілері мен қамтамасыз етуші инфрақұрылымы,

олардың қозғалмалы және қозғалмайтын мүліктері біртұтас ғылыми-техникалық, өндірістік және әлеуметтік "Байқоңыр" кешенін құрайтындығын тани отыра, Тараптардың мүдделерінің есебімен "Байқоңыр" кешенін жалдау мен пайдалануда Жалға беруші мен Жалға алушының құқы мен міндетін реттеу шартының қажеттілігін ескере отырып, төмендегілер туралы осы шартты жасады:

## **1-бап**

### **Қолданыстағы түсініктер мен терминдер**

1.1 "Байқоңыр" кешені - "Байқоңыр" ғарыш айлағы мен Ленинск қаласының, олардың қозғалмалы және қозғалмайтын мүліктері, сынау, технологиялық, ғылыми, өндірістік-техникалық, әлеуметтік және қамтамасыз ету объектілері.

1.2 "Байқоңыр" ғарыш айлағы - оған технологиялық, техникалық, қамтамасыз етуші және әкімшілік-қызмет объектілері орналасқан "Байқоңыр" кешеніне кіретін және ғарыш бағдарламаларын орындауға арналған аумақ.

1.3 Ленинск қаласы - оның аумағында жалдау жағдайында жұмыс істеу үшін "Байқоңыр" кешенінің объектілері, "Байқоңыр" ғарыш айлағы қызметкерлерінің, олардың отбасы мүшелері мен қаланың басқа тұрғындары үшін қажетті коммуналдық-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени жағдайлар жасайтын, сондай-ақ, басқа да объектілер орналасқан Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлігі .

1.4 "Байқоңыр" ғарыш айлағының объектілері техникалық, ұшырғыш, қондырғыш және өлшегіш кешендері, іздеп-құтқару қызметінің объектілері,\* сақтау қоймалары, құятын-бейтараптандыратын станциялар, құрылыстар, пәтерлі үйлер, әкімшілік ғимараттары мен қызмет жайлары, әлеуметтік орта объектілері, бұл кешендер мен қызметтердің басқа да элементтері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан мүліктерге, жер учаскелері мен қажетті санитарлық-қорғаушылық зоналарға, ракета ұшырғыштың ажыратқыш бөлшектерінің құлайтын аудандарына бөлінген жер учаскелерін қоса алғанда сай келетін басқа да объектілер.

1.5 "Байқоңыр" кешенін қамтамасыз ету объектілері - байланыс жүйелерінің, телевизиялық және радио хабарларын тарату, жылумен, сумен, энергиямен, газбен жабдықтау және канализациялық, тас және темір жолдар, инженерлік жүйелер, автокөлік, жылжымалы темір жол составының, әуе айлағы, авиациялық және әуе айлағының техникалық объектілері, сондай-ақ "Байқоңыр" ғарыш айлағының жұмыс істеуі мен Ленинск қаласына лайықты мүліктер, жер учаскелері мен қажетті санитарлық-қорғаушылық зоналар үшін қажетті жағдайлар жасайтын басқа да объектілер .

1.6 Ғарыш айлағының қызметшілері - Ресей Федерациясының әскер құрамасындағы әскери қызметкерлер, ғарыш айлағы объектілерінде және "Байқоңыр" кешеніндегі

объектілерді қамтамасыз ететін тұрақты және уақытша негізде жұмыс істейтін және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мемлекеттік өкімет органдары мен басқармаларының, кәсіпорындарының, мекемелерінің, ұйымдарының осы объектілерге іссапарға жіберілген азаматтары, сондай-ақ Ленинск қаласында, Төре-Там мен Ақай поселкелерінде тұратын ғарыш айлағының зейнеткерлері.

1.7 Ғарыш айлағы қызметшілерінің отбасы мүшелері - ғарыш айлағы қызметшілерінің зайыптары, балалары, туысқандары, сондай-ақ олармен бірге тұратын және олардың асырауындағы адамдар.

1.8 Ленинск қаласының әкімшілігі - Ленинск қаласындағы әкімшіліктің әкіміне бағынышты өкіметтің орындаушылық органдары.

1.9 Ресей Федерациясының әскер құрамасы - осы Шарт шеңберіндегі ракеталы-ғарыштық бағдарламаларды орындауға байланысты "Байқоңыр" кешеніндегі объектілердің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін Ресей Федерациясының әскери бөлімдері, әскери өкілдігі, мекемелері мен басқа да әскери бөлімшелері.

- - - - -

\*Іздеп құтқару қызметінің объектілерін жалдау шарты мен қолдану тәртібі бөлек келісіммен анықталады.

## **2-бап**

### **Шарттың тақырыбы**

Жалға беруші тапсырады, Жалға алушы "Байқоңыр" кешенін жалға қабылдап алады. "Байқоңыр" кешенінің объектілері мен оның жер учаскелері орналасқан координаттары осы Шарттың ажыратылмайтын бөлігі болып табылатын, N 1 және 2 қосымшаларда келтірілген.

## **3-бап**

### **Жалдау мақсаттары**

3.1 Жалға алушы "Байқоңыр" кешенін:

- Ресей Федерациясының азаматтық және қорғаныстық ракеталы-ғарыштық бағдарламаларын;

- Ресей Федерациясының, Қазақстан Республикасының және басқа Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің бірлескен ғарыштық жобаларын;

- халықаралық ғарыштық бағдарламалары мен коммерциялық ғарыштық жобаларын жүзеге асыру үшін пайдаланады.

3.2 Ғарыштық зерттеулер мен аралас бағдарламаларды жоғары деңгейде қамтамасыз ету үшін Жалға алушы "Байқоңыр" кешенінің материалдық-техникалық, технологиялық және ғылыми-зерттеу базасын қолдайды және дамытады, сондай-ақ

Жалға берушінің қатысумен инфрақұрылымдарды қамтамасыз ететін материалдық-техникалық және технологиялық базаларды қолдау мен дамытуды жүзеге асырады.

3.3 "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуіне қажетті жағдайларды қамтамасыз ету үшін Жалға алушы Жалға берушінің қатысуымен Ленинск қаласының әлеуметтік-тұрмыстық ортасы мен инфрақұрылымын және "Байқоңыр" кешенін жабдықтайтын объектілерді қолдайды және дамытады.

#### **4-бап**

##### **Жалдау мерзімі**

4.1 "Байқоңыр" кешені 20 жылға жалға беріледі.

4.2 Егер, Тараптардың бірі оның қолданыстағы мерзімі өткенге дейін кем дегенде 6 айдан кешіктірмей осы Шартты өзінің бұзғысы келетіні туралы жазбаша хабарлама жолымен мәлімдемесе, жалдау мерзімі келесі 10 жылға ұзартылады.

#### **5-бап**

##### **Жалдау ақысы және есеп айырысу тәртібі**

5.1 Жалға алушыға берілетін "Байқоңыр" кешені объектілерінің жалдау ақысы жылына АҚШ-тың 115 (жүз он бес) миллион долларынан тұрады. Жалдау ақысының бөлігі Қазақстан Республикасының мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы уағдаластық бойынша өтемдік негізде өтелуі мүмкін. Жалға алушы су қорларын пайдалану құқығын қоса алғанда, "Байқоңыр" кешенін пайдалануға байланысты Жалға берушіге басқа төлемдерді, салымдарды және алымдарды төлемейді.

5.2 1994 жылға жалдау ақысының сомасы осы Шарттың қол қойылған датасына қарамастан АҚШ-тың 115 миллион доллары көлемінде белгіленеді. Сонымен, 1994 жылдың бірінші жарты жылдығына есеп айырысу осы Шарт күшіне енгеннен кейін кем дегенде 30 күннен кешіктірілмей, жылдық жалдау ақысының жартысы мөлшерінде жүргізіледі. Қалған сомалар осы Шарт күшіне енгеннен кейін 90 күн ішінде өтеледі.

5.3 Жалдауға есеп айырысуды, 1995 жылдан бастап, келесі тоқсанның бірінші айындағы 15 күнге дейін жылдық соманың төрттен бір бөлігі көлемінде тең үлеспен тоқсан сайын Жалға алушы жүргізеді.

Жалдау ақысы бойынша өзара есеп айырысуларды жүзеге асыру тәртібі Тараптардың бөлек келісімімен анықталады.

#### **6-бап**

##### **Жалдау шарттары**

6.1 1991 жылдың 31 тамызына дейінгі жағдайы бойынша Қазақстан Республикасының аумағында болып табылатын "Байқоңыр" кешенінің объектілері мен мүліктері оның меншігі болып табылады. 1991 жылдың 31 тамызынан кейін жасалған, сатып алынған және жеткізілген қозғалмайтын және қозғалмалы мүлікке меншік құқығы оны жасауды, сатып алуды және жеткізуді қаржыландыруды жүзеге асырған Тарапқа беріледі. Үлестік қаржыландыру жағдайындағы меншік құқығы жекелеген келісімдермен айқындалады.

6.2 Жалға алушы өз есебінен жалданған объектілерге ағымдағы, күрделі жөндеу мен қайта құру жүргізеді.

Жалдау мерзімі бітуіне байланысты Жалға алушы объектілер мен мүліктерді қайтаруда олар Жалға берушіге амортизациялық (пайдаланушылық) нормаларда қалыптасқан, шын мәніндегі тозу дәрежесін есептей отырып, пайдалануға жағдайы жарамды күйде қайтарады.

Егер, осы Шарттық қолданыстағы уақытында кейбір жалданған объектілер мен мүліктердің амортизациялық (пайдалану) мерзімі өткен жағдайларда, сондай-ақ оларды істеп шығарған немесе Жалға алушының кінәсіздігінен жойылған жағдайларда, соңғысы Жалға берушіге алдын ала хабарлап, бірлескен акті жасап, көрсетілген объектілер мен мүліктерді, жалданған объектілер мен мүліктердің құрамынан шығарып тастауға қақылы. Жалданған ғимараттардың, құрылыстардың және мүліктердің амортизациялық мерзімі олардың техникалық және пайдалану құжаттарынан анықталады.

6.3 Жалға алушы жалданған мүліктердің бөлінетіндерін жақсартуға, ал, Жалға берушінің жазбаша келісімімен және бөлінбейтіндеріне жақсарту енгізуге қақылы. Жалға алушы жалданған объектілер мен мүліктер (қайта құру, күрделі құрылыс, техникалық қайта жабдықтау; құрал-саймандарды ауыстыру үшін зиян келтірмей бөлінетін немесе бөлінбейтіндерге меншік қаражатының есебінен жақсарту жүргізген жағдайда, ол жалдау Шартының мерзімі біткен соң оларға тиісінше меншік қақысын немесе осы жақсартудың қалдық құнын қайтарып алуға қақылы.

6.4 Егер, Жалға алушы жалданған мүліктер үшін зиян келтірмей бөлінбейтінге жақсарту, сондай-ақ Жалға берушінің келісімінсіз объектілерге құрылыс жүргізгенде, онда осы Шарттың әрекеті тоқтатылғаннан кейін жалданған мүліктердің бөлінбейтіндеріне жақсарту жүргізілгендері, сондай-ақ жаңадан салынған объектілер Жалға алушыға оның күні өтеусіз күйінде Жалға берушінің меншігіне өтеді.

6.5 "Байқоңыр" кешенін осы Шарттың мақсатына пайдалану нәтижесінде Жалға алушының алған өнімі мен табысы оның меншігі болып табылады.

6.6 Жалға беруші немесе Жалға алушы қайта ұйымдастырылғанымен осы Шарттың жағдайын өзгертуге немесе әрекетін тоқтатуға негіз бола алмайды.

6.7 Жалға берушінің ғарыш жобаларын, бірінші кезекте, спутникпен байланыстар саласын және Қазақстанның табиғат қорларын зерттеулерді, бірлескен құрылымдар

жасауда, оның ішінде ғылыми-зерттеушілік, жобалық, тәжірибе құрастырушылық пен технологиялық мекемелер мен ұйымдарды, Қазақстан Республикасының ғарышкерлері мен ғарыштық техникалары бойынша мамандар дайындауды жүзеге асыруына Жалға алушы шарттық негізде көмек көрсетеді.

6.8 Тараптар насихаттық және жарнамалық мақсаттарда "Байқоңыр" кешенінің символын пайдалануға бірдей құқықтары бар.

6.9 Ленинск қаласы әкімшілігінің әкімін - Ресей Тарапының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті мен Ресей Федерациясының Президенті бірлесіп тағайындайды.

Осы Шарттың қолданыстағы кезінде Ленинск қалалық Әкімшілігі әкімінің ұсынысы бойынша Жалға алушы Ленинск қалалық әкімшілігін құрады.

6.10 Ленинск қаласының тіршілік әрекетін қаржыландыру мен оның инфрақұрылымын ұстау Ресей Федерациясының мемлекеттік бюджетінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы, оның заңдарында қарастырылған Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Ленинск қаласын қаржыландыруға қатысады.

Қаржыландыру көлемін Тараптар жыл сайын анықтап отырады. Қаражатты жұмсауды Ленинск қаласының Әкімшілігі "Байқоңыр" кешені жөніндегі Ресей - Қазақстан Үкіметаралық комиссиясының қатысуымен және бақылауымен жүзеге асырады.

6.11 Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша Ресей Федерациясының Президенті "Байқоңыр" ғарыш айлағының командирін қызметіне тағайындайды және қызметінен босатады.

6.12 "Байқоңыр" кешенінің аумағында Ресей Федерациясының әскери қызметшілеріне, жай қызметші адамдарына және олардың отбасы мүшелеріне қатысты Ресей Федерациясының заңдары қолданылады және оның құзыретті органдары әрекет етеді.

Ғарыш айлағының қызметшілері мен олардың отбасы мүшелеріне қатысты "Байқоңыр" кешенінің маңынан тыс олардың міндетті әскери қызметін атқаруға байланысты жасалынған әскери қылмыстар мен заңды бұзушылық, заңға қайшы Ресей Федерациясы және оның азаматтарына қарсы әрекет жасаған жағдайда Ресей Федерациясы юрисдикциясын жүзеге асырады. Басқа жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдары қолданылады.

Олардың заңдарын қолдану кезінде Тараптардың құқық қорғау органдарының нақты өзара бірлесіп әрекет ету мәселелері жеке келісіммен айқындалады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституциялық құқықтарын Ленинск қаласына орналасқан оның құзыретті органдары (сот, прокуратура) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қамтамасыз етеді.

6.13 "Байқоңыр" кешенінде құқықтық тәртіпті, қауіпсіздікті, ерекше режим мен



күзетті Жалға алушы орнатады және қамтамасыз етеді.

6.14 "Байқоңыр" кешеніндегі Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы ұйымдарының, кәсіпорындары мен әскери бөлімдерінің әрекеттестігін қамтамасыз ету үшін, осы Шартты орындауда құрамында "Байқоңыр" ғарыш айлағының командирі (төраға), Ленинск қаласының әкімі, Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы арнаулы өкілі, Ресей ғарыш агенттігінің өкілі, Қазақстан Республикасы Ұлттық аэроғарыш агенттігінің өкілі, Ресей Федерациясы Әскери-ғарыш күштерінің өкілі бар "Байқоңыр" кешенінің Үйлестіру кеңесі құрылады. Үйлестіру кеңесінің дербес құрамы мен ол туралы ережені "Байқоңыр" кешені жөніндегі Ресей - Қазақстан Үкіметаралық комиссиясы бекітеді.

6.15 "Байқоңыр" кешенінің аумағында тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының жұмыс бастылығын кәсіптік даярлығы мен әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету мәселелері, Қазақстан Республикасы Тарапынан ғарыш айлағы объектілерінің сақталуы мен пайдалану жағдайларын, "Байқоңыр" кешенінің аумағындағы экология мен табиғатты пайдалануды бақылау, "Байқоңыр" кешеніндегі объектілерде олар орындайтын арнаулы жұмыстарға Қазақстан Республикасының азаматтарын іздеп-құтқару қызметіндегі объектілерді пайдаланудың жағдайы мен тәртібі, басқа да шаруашылық пен әлеуметтік мәселелер Тараптармен келісілген жеке келісімдер, хаттамалар және регламенттер арқылы реттеледі.

6.16 Осы Шарттың мақсаттарын жүзеге асыруға байланысты, өзара жеткізіліп тұратын өнімдер мен жұмыстарға (қызметтерге), сондай-ақ ғарыштық қызметтерге Тараптардың заңды ұйымдары арасындағы есеп айырысулар Тараптардың өз тұтынушыларына белгіленген баға мен тариф бойынша келісімдік негізде жүзеге асырылады.

6.17 Жалдаудың қосымша шарттары, осы Шарттың ажыратылмайтын бөлігі болып табылатын N 3 Қосымшада келтірілген.

## **7-бап**

### **Кешенді қабылдап алу-тапсыру тәртібі**

7.1 "Байқоңыр" кешенін қабылдап алу-тапсыру "Байқоңыр" кешені жөніндегі Ресей - Қазақстан Үкіметаралық комиссиясының басшылығымен арнайы құрылған комиссия арқылы жүзеге асырылады.

7.2 "Байқоңыр" кешенінің объектілері оның техникалық және пайдалану құжаттамасы мен олардың іс жүзіндегі жай-күйіне сәйкес қабылдап алынады және тапсырылады. Қабылдап алу-тапсыру нәтижесінде екі данада (Тараптардың әрқайсысына бір данадан) акті жасалынады. Объектілерді қабылдап алу-тапсыру актісін "Байқоңыр" кешені жөніндегі Ресей - Қазақстан Үкіметаралық комиссия бекітеді.

## 8-бап.

### Құқықтар мен міндеттер

#### 8.1 Жалға берушінің:

а) "Байқоңыр" кешеніндегі объектілердің сақталауы мен пайдалану жағдайын бақылауды жүзеге асыруына;

б) бірлескен ғарыштық жобалар мен аралас бағдарламаларды, сондай-ақ "Байқоңыр" кешенін пайдаланып халықаралық ғарыш бағдарламалары мен коммерциялық ғарыш жобаларын орындауда артықшылықпен қатысуына құқығы бар.

#### 8.2 Жалға беруші:

а) осы Шарттың 7-бабында белгіленген тәртіпке сәйкес осы Шартқа қол қойған күннен бастап екі ай ішінде "Байқоңыр" кешенін Жалға алушыға беруге;

б) "Байқоңыр" кешенінің объектілерін белгілі мақсат бойынша Жалға алушының тікелей немесе қосалқы пайдалануына кедергі келтірмеуге;

в) "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуі үшін қажетті электроэнергия, жанар-жағар және құрылыс материалдарын, азық-түлік, өнеркәсіп тауарларын, медициналық және басқа мүліктер мен материалдық құралдарды жеткізуді қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасында қолданыстағы келісім негізіндегі баға бойынша көлік және басқа қызметтер көрсетуге;

г) "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жабдықтарды, отын мен басқа да материалдарды сату мен басқа мақсаттарға қолдану құқысыз, баж салығын, салықтарды және басқа алымдарды алусыз Ресей Федерациясынан әкелуге және Ресей Федерациясына шығаруға рұқсат етуге міндеттенеді.

#### 8.3 Жалға алушының:

а) жалданған объектілер мен мүліктердің бөлінетіндеріне жақсарту, ал, Жалға берушінің жазбаша келісімімен және бөлінбейтіндеріне жалдаған объектілер мен мүліктер үшін зиян келтірмей жақсарту енгізуге, жалдау мақсаттарына сай жалданған жер учаскелеріне жаңа объектілердің құрылысын жүзеге асыруына;

б) Жалға берушінің келісімі бойынша жүргізілген жақсартулардың, сондай-ақ қайта салынған объектілердің, егер бұл жақсартулар мен объектілер Жалға берушінің меншігіне берілгенде осы Шарттың әрекет мерзімі біткеннен кейін қалдық құнының орнын тоқтыруына;

в) Жалға берушінің келісімі бойынша "Байқоңыр" кешенінің объектілерін үшінші жаққа қосалқы жалға беруге. Жалға алушы келісу үшін қосалқы жалдаушы болатындығын, жалданған объектілерге қосалқы жалға алушының кәсіптік қызметі, сондай-ақ қосалқы жалға алушының шартының жобасы жөнінде Жалға берушіге ақпараттармен таныстыруы керек;

г) жалға берушінің келісімі бойынша "Байқоңыр" кешенінің объектілерін күрделі жөндеулерге және қайта құруға қатыстыру үшін шетел инвесторларын тартуға;

д) Жалға берушінің келісімі бойынша олардың қолданбайтын объектілерін, мүліктер мен жер учаскелерін жалдаудан бас тартуға;

е) жалдау мерзімі кезінде немесе ол біткеннен кейін "Байқоңыр" кешенінің объектілерін өзінің меншігіне толық немесе жекелеп төлеп алу туралы ұсыныс енгізуге

қ ұ қ ы б а р .  
8 . 4 Ж а л ғ а а л у ш ы :

а) осы Шарттың мақсаттарына сәйкес "Байқоңыр" кешеніндегі жалданған объектілер мен жер учаскелерін пайдалануға;

б) осы Шартта қарастырылған мөлшері мен мерзімінде жалдау ақысын төлеуге;

в) жалдаған объектілерін экологиялық қауіпсіздік, табиғатты пайдалану ережесі, қоршаған ортаны қорғау талаптарын ескеріп пайдалану мен ұстауға, ракета-ұшырғыштан бөлінетін бөлшектердің құлайтын аудандарын тазалау жөнінде ш а р а л а р жү р г і з у г е ;

г) ресейлік ғарыштық бағдарламаларды орындау жолында "Байқоңыр" ғарыш айлағының қызметіне байланысты зиян келтірілген жағдайда, Ресей 1972 жылғы 29 наурыздағы ғарыштық объектілермен келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы Конвенцияға сәйкес ұшырушы мемлекет ретінде жауапты болады. Сонымен Қазақстан Республикасы бірлесіп ұшыру мүшесі немесе ұшырушы мемлекет ретінде е с е п т е л і н б е й д і ;

Ресей Қазақстан Республикасымен бірлесіп ғарыш объектісін ұшыруды жүзеге асырған жағдайда, зиян үшін жауапкершілік көрсетілген Конвенцияның V бабымен а й қ ы н д а л а д ы .

Ресей басқа елдермен бірлесіп ғарыш объектісін ұшыруды жүзеге асырған жағдайда , бұл елдер қалай да келтірілген зиян үшін аталған Конвенцияға сәйкес ортақ жауапкершілікте болады. Сонымен Қазақстан Республикасы бірлесіп ұшыру мүшесі немесе ұшырушы мемлекет ретінде есептелінбейді.

д) жалдаған жер учаскесінен геологиялық, палеонтологиялық, археологиялық және тарихи маңыздылығы бар бағалы заттарды тапқандығы туралы Жалға берушіге тез арада хабар білдіреді және сақтау мен табылған заттарды Жалға берушінің меншігіне өткізуге шара қолданады. Осы пункттің ережесін бұзған және Жалға берушінің рұқсатынсыз табылған бағалы заттарды пайдаланған жағдайларда Жалға алушы ол бағалы заттарды және алынған табысты Жалға берушіге қайтарады;

е) жыл сайын 30 желтоқсаннан кешіктірмей ғарыш аппараттарын ұшырудың жылдық жоспары мен келесі жылға ракеталық-ғарыштық техниканы сынау жоспарын Жалға берушіге беріп тұруға және оларды келісілген көлемде жүргізудің фактілері бойынша кезекті ақпараттар жеткізуде 5 сәтке ішінде әрбір алдағы ұшырулар (жіберулер) туралы Жалға берушіге алдын ала хабарлауға міндеттенеді. Ракеталарды сынауға жіберудің жоспарлары Жалға берушінің келісіміне жатады.

8.5 Халықаралық ынтымақтастық бағдарламасын жүзеге асыру жолында үшінші

елдермен және халықаралық ұйымдармен, олардың заңды және жеке адамдары ғарыш айлағында жүргізілетін жұмыстарға тартылуы мүмкін. Ғарыш айлағына үшінші елдің азаматы кіруіне және жүктерін тасуына, үшінші елге жататын немесе олардың заңды тұлғалары мен олардың қайтуларына қатысты сондай мүліктерін тасуларына байланысты істің орындалуын жеңілдету шараларының толық мүмкіндігінің ұлттық заңдылықтар мен ережелер шеңберінде рұқсат етерде Тараптар келісіп әрекет етуге кіріседі.

## **9-бап**

### **Шарттағы ережелерді талқылаудың тәртібі мен дауларды шешу**

9.1 Тараптардың әрқайсысы Шарттың қолданыстағы барлық мерзімінде өзге Тараптың мүдделерін сыйлау принципіне сүйенеді және 1994 жылғы 28 наурыздағы Келісім мен осы Шарттың әріптері мен рухына келетін біржақты әрекет қолданбайтындығына міндеттенеді.

9.2 Осы Шарттың ережелерін түсіну мен қолдануға қатысты даулар Тараптардың келіссөздер жолымен шешуіне жатады.

9.3 Осы Шарт бойынша шыққан дауларды және басқа да таластарды, "Байқоңыр" кешені жөніндегі Ресей - Қазақстан үкіметаралық комиссия шешеді.

## **10-бап**

### **Қазақстан Республикасының "Байқоңыр" кешеніне юрисдикциялық мәселелері**

10.1 "Байқоңыр" кешенінде тұратын Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтары сақталады.

10.2 Қазақстан Республикасының "Байқоңыр" кешеніндегі оның жалдану жағдайындағы юрисдикциясы мен Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарының сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы арнаулы өкілі жүзеге асырады.

## **11-бап**

### **Қорытынды ережелер**

11.1 Осы Шартта аты аталған қосымшалардың барлығы да оның ажырағысыз бөлігі болып табылады. Осы Шарт талаптарының өзгерілуі Тараптардың өзара келісімі бойынша жүзеге асырылады.

11.2 Шарттың қолданыс мерзімі 4-бапта белгіленген жалдау мерзімдерімен аяқындалады.

11.3 Осы Шарт бойынша үйлестіру жұмыстарын мыналар жүзеге асырады:

Жалға алушы жағынан - Ресей ғарыш агенттігі мен Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің әскери-ғарыш күштері,

Жалға беруші жағынан - Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігі.

11.4 Осы Шарт Тараптардың қажетті ішкі мемлекеттік процедураларды орындағаны туралы соңғы хабарлаған күннен бастап күшіне енеді.

Мәскеу қаласында 1994 жылдың 10 желтоқсанында екі дана етіп, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ екі тексттің де күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының* *Ресей Федерациясының*  
*Үкіметі үшін* *Үкіметі үшін*

2004 жылғы 9 қаңтарда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Байқоңыр» кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

*Қ а з а қ с т а н* *Р е с п у б л и к а с ы*  
*С ы р т қ ы* *і с т е р* *м и н и с т р л і г і*  
*д е п а р т а м е н т і н і н*

*Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ*

*Б а с қ а р м а б а с т ы ғы*

*Ж. Бұқбантаев*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ү к і м е т і

м е н

Р е с е й

Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң

Ү к і м е т і

а р а с ы н д а ғы

" Б а й қ о ң ы р "

к е ш е н і н

ж а л д а у

Ш а р т ы н а

№ 1 Қосымша

## **"Байқоңыр" кешенінің жалға берілетін объектілері**

95-ші алаңша: ондағы әкімшілік-шаруашылық, казармалық, тұрғын үй, тұрмыстық, қоймалық және басқа үй-жайлар және ғимараттар, қонақүйлер, жылумен, сумен, энергиямен жабдықтау жүйелері, ішкі алаңғы автомобиль және темір жолдары, байланыс жүйелері, құрылысшылар қалашығы, сондай-ақ 81, 84, 201, 202, 200, 90, 91, 94, 91А, 92, 92А, 94А, 96, 82, 83, 131, 175/1 алаңшалары: олардың аумақтарында орналасқан "Протон", "Циклон-М", "Рокот" ракета-ұшырғыштардың ұшыру кешендері, ракеталық сынау бөліктерінің объектілері, 90-5, 92-1, 92-2, 92-2В, 92-223, 92А-223, 92А-50 монтаждау-сынау корпустары, 91-алаңша және ШГІ4І май құю-бейтараптандыру станциялары; 96, 90-4, 90-275, 92А-75/А-Г/, 75-ХГ алаңшаларындағы қоймалар, 92-3, 92-3А, 92-5, 57, 65Г жүйелерін қамтамасыз ететін ғимараттар, ондағы технологиялық, арнаулы техникалық және жалпы өнеркәсіптік құрал-жабдықтар, олар орналасқан жер учаскелерімен бірге басқа да технологиялық объектілер.

2-ші алаңша: ондағы әкімшілік-шаруашылық, тұрғын үй-тұрмыстық, казармалық, қоймалық және басқа үй-жайлар мен ғимараттар, қонақүйлер, жылумен, сумен,

энергиямен жабдықтау жүйелері, ішкі алаңғы автомобиль және темір жолдар, байланыс жүйелері, сондай-ақ "Союз" ракета-ұшырғыш ұшыру кешені, I, IA, 2Б-I монтаждау-сынау корпустары, компрессорлық, ресиверлік, зарядтау-аккумулятор станциясы, физикалық-химиялық лаборатория, мұздатқыш орталығы, дизель, оларда салынған технологиялық, арнаулы техникалық және жалпы өнеркәсіптік құрал-жабдықтарды қоса алғанда, станциясымен бірге.

Аумақтарында орналасқан ракета-ұшырғыш "Союз" ұшыру кешенімен, N 40, 14 монтажды-сынау корпустарымен, N 124 қызметтік-лабораториялық корпусымен, ПП2 май құю станциясымен, олардағы құрастырылып салынған технологиялық, арнаулы техникалық және жалпы өнеркәсіптік құрал-жабдықтарын қоса алғанда, компрессор станциясымен, сондай-ақ әкімшілік-шаруашылық, тұрғын үй-тұрмыстық, казармалық, қоймалық және басқа да үй-жайлар мен ғимараттар, жылумен, сумен, энергиямен жабдықтау жүйелерімен, ішкі алаңғы автомобиль және темір жолдармен, байланыс жүйелерімен бірге 31, 32-ші алаңшалар.

Аумағында орналасқан ПП72 "Боран" орбиталық кораблінің, оның аэродромдық, радиолокациялық, жарық техникалық құрал-жабдықтары құрастырылып салынған отырғызу кешенімен, ұшу-отырғызу жолақтарымен, басқа да техникалық объектілерімен, сондай-ақ қазандық, әкімшілік-шаруашылық тұрғын үй-тұрмыстық, қоймалық және басқа үй-жайлар және ғимараттармен, жылумен, сумен және энергиямен жабдықтау жүйелерімен, кірме автомобиль және темір жолдарымен, байланыс жолдарымен, байланыс жүйелерімен бірге 251-ші алаңша.

Аумақтарында орналасқан I7П3I стенд-старт әмбебап кешені, онда салынған технологиялық, арнаулы-техникалық және жалпы өнеркәсіптік құрал-жабдықпен, басқа да технологиялық объектілерімен, өнеркәсіптік база, қазандық, сондай-ақ әкімшілік-шаруашылық, тұрғын үй-тұрмыстық, қоймалар және басқа үй-жайлар және ғимараттармен, жылумен, сумен және энергиямен жабдықтау жүйелерімен, кірме автомобиль және темір жолдарымен, байланыс жүйелерімен бірге 250 және 250А алаңшалары.

Аумағында орналасқан әкімшілік-шаруашылық, тұрғын үй-тұрмыстық, қоймалық және басқа үйлер және ғимараттармен, жылумен, сумен және энергиямен жабдықтау жүйелері, кірме автомобиль және темір жолдары, байланыс жүйелерімен бірге ПЗ-ші алаңша.

Аумағында орналасқан ПП825 ұшыру кешені, ондағы салынған технологиялық, арнаулы техникалық және жалпы өнеркәсіптік құрал-жабдықпен, басқа технологиялық объектілерімен, сондай-ақ тұрмыстық, қоймалық және басқа үй-жайлар және ғимараттармен, жылумен, сумен және энергиямен жабдықтау жүйелерімен, кірме автомобиль және темір жолдарымен, байланыс жүйелерімен бірге П0-шы алаңша.

Аумақтарында орналасқан ПП591 "Энергия" ракета-ұшырғышының техникалық позициясымен, жалғыз компрессор станциясымен, жарылғыш заттар позициясымен,

динамикалық сынақтардың стендімен, ПП593 монтаждау-май құю кешенімен, ПГІЗІ май құю-бейтараптандыру станциясымен, олардағы құрастырылып салынған технологиялық, арнаулы техникалық және жалпы өнеркәсіптік құрал-жабдықпен, басқа технологиялық объектілерімен, жылу желілерімен бірге П4Б жылу құбырлары, сондай-ақ әкімшілік-шаруашылық, тұрғын үй-тұрмыстық, қоймашылық және басқа үй-жайлар және ғимараттармен, жылумен, сумен және энергиямен жабдықтау жүйелерімен, кірме автомобиль жолдарымен, байланыс жүйелерімен бірге 112 және 1 1 2 А а л а ң ш а л а р ы .

Аумағында орналасқан ТП ПП592 орбиталық корабльдің техникалық позициясымен , оттық кешендік сынақтар алаңымен, олардағы құрастырылып салынған технологиялық, арнаулы техникалық және жалпы өнеркәсіптік құрал-жабдықпен, басқа технологиялық объектілермен, сондай-ақ әкімшілік-шаруашылық, тұрғын үй-тұрмыстық, қоймалық және басқа үй-жайлар және ғимараттармен, жылумен, сумен және энергиямен жабдықтау жүйелерімен, кірме автомобиль және темір жолдармен, байланыс жүйелерімен бірге 254-ші алаңша.

Аумақтарында орналасқан "Зенит" ракеталық-ғарыштық кешенінің объектілермен, технологиялық объектілерімен, тұрғын үй-тұрмыстық, қоймалық және басқа үй-жайлар және ғимараттармен, қазандық, жылумен, сумен және энергиямен жабдықтау жүйелерімен, кірме автомобиль және темір жолдарымен, қозғалмалы темір жол құрамымен, байланыстар жүйелерімен бірге 42, 43, 45-ші алаңшалар.

Ракеталық-сынақ бөліктерінің 10, 2, 42 (ракеталарды түсіру алаңшасы) 504-ЗК, 175/2, 132, 75, 71, 104, 106-109, 111, 111/1, 111/2, 140-алаңшаларындағы объектілері, 103-ші алаңшаның энергоблогы; технологиялық объектілер, тұрғын үй-тұрмыстық, қоймалық және басқа үй-жайлар және ғимараттар, қазандықтар, жылумен, сумен және энергиямен жабдықтау жүйелері орналасқан, кірме автомобиль және темір жолдарымен, қозғалмалы темір жол құрамымен, байланыс жүйелерімен бірге 37-ші алаңша.

Ғарыш айлағының N 1 (18-ал), N 2 (43-ал), N 3 (97-ал), N 4 (21-ал), N 5 (23-ал) ұшыру алдындағы өлшеу пункттерімен және N 7 (Жезқазған ауданы) N 9 (Сарань қаласының ауданы Қарағанды облысы) трассалық өлшеу пункттері, олар орналасқан жер учаскелерімен бірге өлшеу кешені, 10-ал. есептеу және ақпарат-есептеу орталықтары, кешен объектілеріндегі технологиялық, арнаулы техникалық және жалпы өнеркәсіптік құрал-жабдық, ақпарат беру жүйелері және олардың алаң арасындағы б а й л а н ы с ж ү й е л е р і .

Жезқазған, Ақмола, Өскемен облыстарында орналасқан және 2 Қосымшаның 2 бөліміне сәйкес нөмірлерімен құлау алаңдарына қызмет көрсететін жекелеген сынақ станциялармен бірге ұшырғыш-ракеталардың базалары мен бөлінетін бөліктерінің қ ұ л а у а л а ң д а р ы .

Ғарыш айлағының 10, 32, 43, 95, 255-алаңдарындағы байланыс тораптарымен, хабар беретін радио орталығымен, фелдъегерлік және почта байланысы станцияларымен,

коммуникациялармен және антенналар алаңдарымен, байланыс құралдарының шеберханаларымен, гирокомпастарды эталондау базасымен бірге байланыс жүйелерінің объектілері.

Төмендететін трансформаторлық кіші станциялардың құрамындағы 220 кВт, 110 кВт, 35 кВт, ГПП-1, ГПП-2, ПС-101, 103, 105, 106, 107, 110, 111, 115, 1А, 3, 4, 5А, 6, 7, 10, 13, 14, 17, 19, 20, 21, 24 электр беретін желілер, Ленинск қаласының Жылу электр орталығы, "Южная" газ турбинасы электр станциясымен бірге сыртқы электрмен жабдықтау жүйесінің объектілері.

Ғарыш айлағының тылындағы мына құрамдағы объектілер: тылдағы базалар, 10-ші алаңшадағы әскери бөлімшелердің, монша-кір жуу комбинатының, өрт сөндіру депосының, зат қоймасы бөлімшесінің, госпитальдің, емдеу-диагностикалық орталықтың, N 54 поликлиниканың көкөніс сақтау қоймалары, 10, 9, 95, 424-ші алаңдардағы санитарлық-эпидемиологиялық, мал дәрігерлік, обаға қарсы отрядтардың, нан зауытының, 9-алаңдағы әскери қалашықтың үйлері, әскери сауданы басқару объектілері.

3-алаңшадағы өнеркәсіптік-қойма аймағының объектілері: оттегі-азот зауыты, Күрделі құрылыс басқармасының базасы, радиациялық заттар базасы, арнаулы отын базасы, улайтын заттар қоймасы, әскери қалашық, 7-бақылау өткізу пункті: жылумен, сумен, энергиямен жабдықтау жүйелері, әкімшілік-шаруашылық үй-жайлар және технологиялық, арнаулы техникалық, жалпы өнеркәсіптік құрал-жабдық орнатылған ғимараттар және кірме автомобильдік және темір жолдар, байланыс жүйелері.

Локомотив шаруашылығымен, ғарыш айлағының алаңшалары мен Ленинск қаласын байланыстырушы темір жолдарымен, үй-жайлар және ғимараттар кешенімен бірге темір жол шаруашылығы, қозғалмалы құраммен бірге алғандағы 17 м ж г - а л а ң ш а с ы .

Ғарыш айлағының алаңшалары мен Ленинск қаласын байланыстырушы автомобиль жолдары, 10-алаңшадағы және басқа жалға алынатын объектілердегі автопарк, автомобильге май құю станциялары, жөндеу шеберханалары, қоймалары.

Ұшыру-қондыру жолағы, ұшу мен қону жүйелерін қамтамасыз ететін аэродромдық ғимараттарымен бірге "Крайний" аэродромы, сондай-ақ тұрғын үй және әкімшілік-шаруашылық үй-жайларымен, авиацияның жазғы және инженерлік-техникалық құрамның асханасымен, қазандығымен, байланыс жүйелерімен, автомобильдік кірме жолдарымен бірге 20-алаңша, метеостанция орналасқан б а л а ң ш а .

"Дальний" және "Левобережный" су тазартқыш кешені: оның сәйкесті технологиялық объектілері, тұрғын үй-тұрмыстық және басқа үйлер мен ғимараттары, жылумен, сумен және энергиямен жабдықтау жүйелері, автомобильдік кірме жолдары, б а й л а н ы с ж ү й е л е р і .

Қостанай және Қарағанды қалаларындағы авиақалашықтарымен, аэродромның



аумағында орналасқан объектілерімен бірге іздестіру-құтқару кешені.\*

Инженерлік жұмыстардың 130-басқармасының өнеркәсіптік-қоймалық, әкімшілік, казармалық-тұрмыстық үйлері мен ғимараттары және соларға орнатылған технологиялық, арнаулы техникалық және жалпы өнеркәсіптік жабдықпен бірге алынады, кірме автомобиль және темір жолдары, байланыс жүйелері.

Аумағында орналасқан 353-МЯ монтаждау-сынақ корпусымен, құрылыс-қойма аймағымен, кірме автожолдарымен бірге 280-алаңша.

Дермен төбе поселкесіндегі басқарудың алып шығу пункті.

Аумағында орналасқан үй-жайларымен, ғимараттарымен және инфрақұрылымның объектілерімен бірге Ленинск қаласы.

Кірме жолдарымен бірге N 1145-ші ғимарат. Жылу-, су,- энергиямен жабдықтау мен байланыс жүйелерімен бірге Ресей Федерациясының экспедициялар кәсіпорындары мен өнеркәсіп ұйымдарының объектілері.

- - - - -

\* Іздестіру-құтқару қызметінің объектілерін пайдалану тәртібі мен жалдау шарттары бөлек келісіммен анықталады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі мен Ресей Федерациясының  
Үкіметі арасындағы "Байқоңыр"  
кешенін жалдау Шартына  
N 2 Қосымша

## **"Байқоңыр" ғарыш айлағының объектілері алып жатқан жер учаскелерінің координаттары**

### **1. Технологиялық және техникалық объектілер**

Тірек нүктесінің нөмірі	Шектейтін сызқтың түрі	Географиялық координаттар	
		солтүстік ендік (град,мин,сек)	шығыс ұзақтығы (град,мин,сек)
1	2	3	4
N 1 Учаске			
1	тура, қосатын тірек нүктелер	45 42 10	63 01 05
2		45 54 40	63 01 05
3		45 58 15	62 44 40
4		46 12 45	62 45 30
5		46 12 45	63 19 45
6		46 13 45	63 21 00
7		46 14 40	63 19 30
8		46 18 10	63 22 10
9		46 18 10	63 29 00

10		46 13 30	63 53 00
11		46 14 45	63 53 00
12		46 14 45	63 54 30
13		46 13 10	63 54 30
14		46 09 00	64 17 30
15		45 47 15	64 19 00
16		45 46 10	63 44 10
17	Сырдария өзенінің оң жағалауы бойынша 17 және 18 нүктелер арасы	45 44 05	63 43 45
18		45 40 00	63 25 00
19		45 38 30	63 26 15
20		45 37 20	63 24 40
21		45 31 00	63 24 40
22		45 31 00	63 18 45
23		45 27 45	63 18 45
24		45 27 45	63 22 00
25		45 26 35	63 22 00
26		45 26 35	63 14 30
27		45 27 45	63 14 30
28		45 27 45	63 18 30
29		45 31 00	63 18 30
30		45 31 00	63 09 10
31	Сырдария өзенінің оң жағалауы бойынша 31 және 1 нүктелер арасы	45 36 00	63 13 10

Ескерту: N 1-учаскеге тура сызықпен шектелген, тірек нүктелерін координаттармен қосатын аумақтар кірмейді (град, мин, сек):  
45 39 25 с.е., 63 18 00 ш.ұ., 45 39 25 с.е., 63 19 30 ш.ұ., 45 38 50 с.е., 63 18 30 ш.ұ., 45 38 40 с.е., 63 18 10 ш.ұ., (Төре там п.); 45 36 30 с.е., 63 15 25 ш.ұ., 45 36 30 с.е., 63 16 20 ш.ұ., 45 35 50 с.е., 63 16 20 ш.ұ., 45 35 50 с.е., 63 15 25 ш.ұ., (Ақай п.); сондай-ақ Жаңа қазалы - Жосалы автомобиль және темір жолдары

Тірек нүктесінің нөмірі	Шектейтін сызықтың түрі	Географиялық координаттар	
		солтүстік ендік (град,мин,сек)	шығыс ұзақтығы (град,мин,сек)
N 2 учаске ("Дальний" су тазартқышы)			
1	тура, қосатын тірек нүктелер	44 27 30	63 43 30
2		44 23 10	63 44 30
3		44 28 15	63 50 50
4		44 25 05	63 51 15
5		44 23 30	63 50 10
N 3 учаске (РҰ ББ құлау базасы, 7-СА, Жезқазған қ.)			
1	тура, қосатын тірек нүктелер	47 51 35	67 36 40

2		47 51 18	67 37 10
3		47 50 28	67 36 00
4		47 51 00	67 35 30
N 4 учаске (РҰ ББ құлау базасы Ақмола қ.)			
1	тура, қосатын тірек нүктелер	51 05 45	71 22 10
2		51 05 00	71 22 30
3		51 04 25	71 21 35
4		51 04 30	71 21 15
N 5 учаске (СА-9, Сарань қ.)			
1	тура, қосатын тірек нүктелер	49 51 32	72 46 50
2		49 51 32	72 48 00
3		49 50 45	72 48 00
4		49 50 45	72 46 50
N 6 учаске (РҰ, ББ құлау базасы, Өскемен қ.)			
1	тура, қосатын тірек нүктелер	50 00 12	82 40 00
2		50 00 18	82 40 22
3		50 00 12	82 40 30
4		50 00 05	82 40 10
N 7 учаске (ізвестіру-құтқару кешені Қостанай қ.)			
1	тура, қосатын тірек нүктелер	53 15 20	63 30 50
2		53 12 35	63 35 30
3		53 10 00	63 34 00
4		53 09 10	63 29 00
N 7 учаскесі (ізвестіру-құтқару кешені Қостанай қ.)*			
1	тура, қосатын тірек нүктелер	53 10 50	63 35 00
2		53 10 35	63 35 30
3		53 10 10	63 35 30
4		53 10 10	63 34 50

Ескерту: Жалданатын учаскелер құрамына "Дальний" су тазартқышынан Ленинск қаласына дейінгі су ағысының астындағы жер кіреді.

\*/ Известіру-құтқару қызметінің объектілерін пайдалану тәртібі мен жалдау шарттары бөлек келісіммен анықталады.

## 2. Ракета-ұшырғыштардың бөлінетін бөліктерінің құлау аудандары

Айм. нөм.	Учаске нысаны	Орталық координаттары		Осьтердің көлемі, км	Үлкен осьтің азимуты град.	Учаскенің алаңы, млн.га	Тиісті әкімшілік, облыс
		солтүстік ендік гр.мин.сек	Шығыс ұзақтығы гр.мин.сек				
1	2	3	4	5	6	7	8
Ю 1	Эллипсті айналатын	48 36 00	64 42 00	30x16	26,5	0,0713	ЖезқазғанТорғай
		48 37 30	64 37 30	30x16	26,5		

Ю 2	Эллипс	48 22 00	65 26 30	50x30	40	0,11775	Жезқазған
Ю 3	Эллипсті айналатын	48 51 00	65 37 00	+20x22	29	0,17584	Жезқазған Торғай
		48 56 00	65 48 00	-22x22	28		
		48 55 00	66 03 00	50x20	38		
		48 55 00	65 41 00	+20x22	29		
		49 00 00	62 52 00	-22x22			
Ю 4	Эллипсті айналатын	48 36 00	66 23 00	+20x22	39	0,3257	Жезқазған
		48 34 00	66 14 00	-22x22	39		
		48 32 00	66 11 00	x22	39		
		48 28 00	67 27 00	+30x30	42		
		48 36 00	66 14 00	-27x30	42		
Ю 5	Эллипс	49 26 30	66 43 30	50x20	39	0,0785	Жезқазған Торғай
Ю 6	Эллипсті айналатын	49 08 00	67 03 00	50x20	43	0,172	Жезқазған
		48 59 00	66 39 00	50x25	37,5		
Ю 7	Эллипсті айналатын	50 45 00	67 23 00	60x40	31	0,23864	Торғай
		50 39 00	67 14 00	60x40	31		
Ю 8	Эллипсті айналатын	50 03 00	67 34 00	50x30	40	0,8315	Жезқазған Ақмола Қарағанды Торғай
		50 16 00	68 21 00	60x40	40		
		50 14 00	68 24 00	60x40	40		
		49 56 00	67 51 00	60x40	40		
		49 53 00	67 55 00	60x40	40		
		49 41 00	68 08 00	60x40	40		
		50 31 00	68 37 00	100x56	37,5		
Ю 9	Эллипс	52 21 00	71 35 00	40x20	45	0,0628	Ақмола
Ю 10	Эллипс	53 18 00	71 14 00	30x20	43	0,0471	Көкшетау
Ю 11	Эллипс	53 15 00	72 10 00	38x20	43	0,596	Көкшетау
Ю 12	Эллипс	53 10 00	72 55 00	+36x20	44	0,08164	Көкшетау
				-16x20			
Ю 13	Эллипс	52 40 00	72 48 00	60x20	45	0,0942	Көкшетау Ақмола
Ю 14	Эллипс	54 09 40	75 47 00	56x22	50	0,0443	Павлодар
Ю 23	Эллипс	46 40 00	64 51 00	160x50	69	0,628	Жезқазған Қызылорда
Ю 24	Эллипсті айналатын	47 20 00	66 46 30	27x18	65	0,16	Жезқазған
		47 14 00	66 23 00	60x30	65		
Ю 25	Эллипсті айналатын	47 18 00	67 14 00	50x30	64	0,2251	Жезқазған
		47 22 00	67 28 00	50x30	64		
		47 23 00	67 28 00	20x22	65		
		47 27 00	67 42 00	22x22	65		
Ю 26	Эллипс	47 58 00	68 48 00	40x30	66	0,0942	Жезқазған

Ю 27	Эллипсті айналатын	48 01 00	69 33 00	60x40	67	0,1884	Жезқазған
Ю 28	Эллипс	48 19 00	71 40 00	60x30	68	0,141	Жезқазған
Ю 29	Эллипс	48 45 00	74 36 00	50x30	73	0,1177	Жезқазған Қарағанды
Ю 30	Эллипсті айналатын	50 52 00	83 00 00	60x20	78	0,1812	Шығыс Қазақстан
		50 56 00	83 35 00	80x40	79		
		50 54 00	83 16 00	60x20	78		
		50 55 30	83 37 00	80x40	81		

Ескерту: ғарыштық аппараттарды ұшыруды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының шаруашылық қызметінің мүдделері үшін ұшыру-ракеталарының бөлінетін бөліктерінің құлау аудандарындағы жерді пайдалану тәртібі бөлек үкіметаралық келісіммен анықталады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
 Ү к і м е т і м е н Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң  
 Ү к і м е т і а р а с ы н д а ғ ы " Б а й қ о ң ы р "  
 к е ш е н і н ж а л д а у Ш а р т ы н а  
 N 3 Қ о с ы м ш а

### Жалдаудың қосымша шарттары

1. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мемлекеттік органдары Ресей Федерациясы мен бұрынғы КСРО-ның мемлекеттік органдары бекіткен, ракета-ғарыш техникасымен жұмыс істеу тәртібін, сондай-ақ қамтамасыз етуші инфрақұрылым объектілерін пайдалану тәртібін нормативтік-техникалық және басқа жетекші құжаттарды, сондай-ақ олардың ғарыш айлағының персоналына берген біліктілік жөніндегі құжаттарын күші бар құжаттар деп таниды.

2. Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешеніндегі заңды ұйымдарының қызметін қаржыландыру, кешен қызметкерлеріне жалақы және әскери қызметшілерге ақша төлеу, "Байқоңыр" кешеніндегі резиденттер мен резидент еместер арасындағы есеп айырысу операциялары, "Байқоңыр" кешенінің аумағындағы заңды ұйымдардың теңге мен ресейлік рубльді сатып алуы мен сатуы.

3. Осы Шартта көзделмеген, "Байқоңыр" кешеніндегі заңды ұйымдар мен жеке адамдардың қызметімен байланысты салықтарды, алымдарды және басқа төлемдерді алу тәртібі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Қаржы министрліктері арасындағы қосымша келісіммен белгіленеді.

4. Ғарыш айлағы персоналының, сондай-ақ Ресей Федерациясының ұйымдарының, мекемелерінің және кәсіпорындарының ғарыш айлағындағы жұмыстарды орындау үшін іссапарға жіберілген мамандарының және ғарыш айлағы персоналының отбасы мүшелерінің Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының аумағы мен әуе

кеңістігінде жүруі үшін визасыз режим сақталады.

5. Ғарыш айлағының персоналы және ғарыш айлағы персоналының отбасы мүшелері жеке бастарын және ғарыш айлағының персоналына қатысты екендігін куәландыратын құжаттарды көрсеткен соң Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы шекараны кесіп өтеді.

Тараптар бұл адамдарға жеке заттарын жасалған келісімдерге сәйкес шектеусіз және баж салықтарын, салықтар мен алымдарды төлемей Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы шекара арқылы алып өту құқығын береді.

6. Ғарыш айлағының персоналын және "Байқоңыр" кешенінің жүктерін осы Шарттың мақсаттары үшін Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының аумағы және әуе кеңістігі арқылы тасымалдау ақысы Тараптардың ұйымдары үшін белгіленген мөлшер мен тәртіпте төленеді. Кедендік рәсімдеу Тараптардың әрқайсысының аумағында бір рет жүзеге асырылады.

7. Жалға беруші ғарыш айлағы персоналының құрамына енетін адамдар мен олардың отбасы мүшелерінің "Байқоңыр" кешенінің аумағындағы өздеріне тиесілі мүлікке меншік құқығын сақтайды.

Жалға беруші ғарыш айлағының персоналы мен олардың Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты түрде тұруға көшетін отбасы мүшелеріне өздеріне тиесілі мүлікті еркін сату, алып кету, сондай-ақ өздеріне тиесілі салымдар мен активтерді Ресей Федерациясының банк мекемелеріне аудару мүмкіндігін береді.

Жалға беруші ғарыш айлағының персоналы мен олардың отбасы мүшелерінің осы Шартқа қол қойылған күні өздері алған тұрғын алаңда тұру құқығын сақтайды.

8. Осы Шартты жүзеге асырумен байланысты кейбір келісімдерді, хаттамаларды және регламенттерді әзірлеу мен оларға қол қоюдың мерзімі мен тәртібін "Байқоңыр" ғарыш айлағы жөніндегі Ресей - Қазақстан Үкіметаралық комиссиясының тең төрағалары бекіткен жоспар-график белгілейді.

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Мәскеу қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалдау туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы</i>
	<i>С ы р т қ ы</i>	<i>і с т е р</i>
	<i>Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ</i>	<i>м и н и с т р л і г і</i>
<i>Б а с қ а р м а б а с т ы ғ ы</i>	<i>Ж. Бұхбантаев</i>	<i>д е п а р т а м е н т і н і ң</i>